

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ.

Жанысбаева С.Б., магистр

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы*

E-mail: samiko\_rose@mail.ru

*Экономикалық қауіпсіздіктің түсінігі, Қазақстанның экономикалық даму әрқелкілігінің жоғарлау қауіптері, экономикалық қауіпсіздіктің ұлттық экономиканың тиімді динамикалық өсуіне, қоғамның, мемлекеттің сұраныстарын қанағаттандыруға, әр түрлі қауіптер мен залалдардан кепілдендіруші ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсеке қабілетін қамтамасыз ету қабілетіне жағымды ықпал ететін ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы жайлы баяндалады.*

**Тірек сөздер:** экономикалық қауіпсіздік, қауіптер, ұлттық қауіпсіздік, заң.

*Излагается понятие экономической безопасности, повышенные риски неравномерности экономического развития Казахстана, совокупность внутренних и внешних условий, оказывающих положительное влияние на способность экономической безопасности обеспечивать конкурентоспособность на внутренних и внешних рынках, гарантирующих эффективный динамичный рост национальной экономики, удовлетворение запросов общества, государства от различных угроз и убытков.*

**Ключевые слова:** экономическая безопасность, угрозы, национальная безопасность, закон.

*The concept of economic security, increased risks of uneven economic development of Kazakhstan, a set of internal and external conditions that have a positive impact on the ability of economic security to ensure competitiveness in domestic and foreign markets, guaranteeing effective dynamic growth of the national economy, meeting the needs of society, the state from various threats and losses are outlined*

**Key words:** economic security, threats, national security, law.

Экономикалық қауіпсіздік – бұл экономикалық тәуелсіздік, ұлттық экономиканың тұрақтылығы және өзіндік даму мен прогреске қабілеттілік жағдайындағы қоғамдық қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру.

Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін сақтау және қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясаттың жалпы стратегиясы мен приоритетті бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы мағынада, экономикалық қауіпсіздік дегеніміз- оның тұрақты дамуын, қауіпсіздігін, қоғамдық және мемлекеттік дамуы үшін әлеуметтік – экономикалық жағдайының адекватты деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық жүйенің күйі.

Экономикалық қауіпсіздік терминдерінде жиі қауіп – қатер факторлары қолданылады. Қазақстанның экономикалық қауіпсіздік дамуының аса мүмкін қауіп қатерлеріне жататын Қазақстанның экономикалық даму әрқелкілігінің жоғарлау қауіптері. Қауіп – қатерлеріне жататын Қазақстан аймақтарының әлеуметтік – экономикалық даму әрқелкілігінің жоғарлау қауіптері. Қауіп қатерлердің маңызды факторлары:

-аймақтар дамуының әлеуметтік – экономикалық деңгейінде объективті бар айырмашылықтар, өнеркәсіп өндірісіндегі құрылымдық өзгерістер фоннда экономикалық қатынастарда депрессиялық, дағдарысты, артта қалған аудандардың болуы:

- Қазақстанның жеке қалаларының кәсіпорындары арасында өндірістік-техникалық байланыстардың бұзылуы;

ҚР жеке аймақтарының арасында жан басына шаққандағы ұлттық табысты өндіру деңгейінде алшақтықтың үлкеюі;

Ал егер қазіргі кезде Қазақстан экономикасының өсуіне байланысты жағдай кішкене өзгерген болса, аудандар дамуындағы диспропорция сақталуда.

Кез-келген мемлекет үшін өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қашанда өзекті болып, заман талаптарына сай күрделене түсіп, мемлекет және қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын жүйелі саясатқа айналды. Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады.

Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі елдің ұлттық мүдделерінің нақты және әлуатті қатерлерден қорғалған жағдайында өз құрамына экономикалық, қорғаныс, білім, ақпараттық, т.б. құрамдас бөліктерді біріктіреді. Ашық экономика бағытында дамып келе жатқан Қазақстан Республикасына, осы жағдайларда ұлттық экономикалық мүдделерді қалыптастыру, оны қорғау мен жүзеге асыру қажет. Ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыру мен оларды қорғаудың дәстүрлі құралы протекционистік саясат. Әлемдік рыноктағы шиеленісті бәсеке барысында талаптарына сай түрленгендіктен, біздің еліміздің алдында әлемдік тәжірибеге сүйеніп, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкін болатын шаралар жүйесін жасақтау өзекті болып табылады. Себебі, әлемде ғаламдану үрдістері кең құлашын жайып отырған кезеңде, Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануынсыз өтуі мүмкін емес. Интеграция барысында ел экономикасы оң нәтижелерін, ұтымды тұстарын, қауіпсіздігін жоғалтып алмауы керек. Осы тұрғыдан елдің экономикалық қауіпсіздігін макро-, мезо-, микродеңгейлерде қамтамасыз ете білу бүгінгі күннің өзекті талабы болып отыр. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізуге үлес қосылады. Дегенмен, экономикалық қауіпсіздіктің ұлттық негіздерін қамтамасыз ету және оның ұлттық күш-қуатты нығайтудағы маңызы жете зерделенбеген.


Экономикалық қауіпсіздік жағдайы кері шамалармен – қауіптермен анықталады. Экономикалық қауіпсіздік қатерлері деп – ішкі және сыртқы факторлардың (немесе олардың жиынтығы) әсерімен экономиканың негізгі звеноларының, оның басқару жүйесінің бұзылу қаупі, ұлттық байлықтың азаюы, технологиялық артта қалуы, қаржы-несиелік және валюта жүйесінің бұзылуы, ғылыми және әлеуметтік регресс, қоғамдағы интеграцияның бұзылуы, конституциялық әлеуметтік құқықты қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқтығы әсерінен ситуациялық дамудағы потенциалдық мүмкіндікті айтамыз. Осылайша, экономикалық мүддеге қатер дұрыс дамушы қоғамдық ұдайы өндірістің жолын бұзатын экономикалық қауіптерді туғызады. Жалпы түрде оларды ішкі және сыртқы қауіптерге байланысты топтарға бөлуге болады.

«Қазақтан жағдайындағы ішкі экономикалық қатерлерге жататындар:

- горизонтальді және вертикальді түрдегі шаруашылық байланыстардың бұзылуы;
- шаруашылықтың техника-технологиялық базасының азаюы;
- жұмыссыздық;
- инфляция;
- салық салудан көпшіліктің қашуы;
- қазақстандық экономиканың монополизациясы;
- экономиканың және қоғамның қылмысы;
- ішкі және сыртқы қарыздың ірі көлемділігі;
- валюталық ресурстардың азаюы.

Қазақстандық экономиканың сыртқы экономикалық қатерлеріне келесілерді жатқызамыз:

- импорттық тәуелділіктің өсуі;
- экономиканың тым ашық болуы;»



Сурет 1 — Экономикалық қауіпсіздіктің жалпы сипаты

Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2013 жылғы Елбасы Н.Назарбаевтың халыққа Жолдауында экономикалық қауіпсіздік мәселесі 10 сын-қатермен айқын көрсетілген. Жаңа сын-қатерлерге төтеп беру үшін ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағыты жасалды. Сонымен, экономикалық қауіпсіздік дегеніміз — тұрақты экономикалық өсу, қоғамдық қажеттердің тиімді түрде қанағаттандырылуы, басқарудың жоғары сапасы, экономикалық мүдделердің ұлттық және халықаралық деңгейлерде қорғалуы қамтамасыз етілетін жай-күйі. Экономикалық қауіпсіздік — ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі, оның іргетасы, материалдық негізі. Тарихи және қисынды тұрғыда Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттіліктің қалыптасуымен, қоғамның экономикалық мүдделерін сезінумен қатар пайда болады.

Экономикалық қауіпсіздік елдің ұлттық қауіпсіздігі құрылымының ең маңызды құраушысы, өйткені қауіпсіздіктің барлық қалған түрлері жеткілікті экономикалық қамсыздандырусыз әрекет ете алмайды. Экономикалық қауіпсіздік – бұл экономиканың жай-күйі, онда жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің, аймақтың немесе кәсіпорынның экономикалық мүдделері ішкі және сыртқы қауіптерден сенімді түрде қорғалуы; ол елдің де, жеке адамның да, кәсіпорынның да тұрақтылығының негізі. Экономикалық қауіпсіздік дәстүрлі түрде экономикалық жүйенің сапалы маңызды сипаттамасы ретінде қарастырылады, экономикалық жүйе халық өмірінің қалыпты жағдайын қолдау, халық шаруашылығының дамуын ресурстармен тұрақты қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық-мемлекеттік мүдделерді тізбекті түрде жүзеге асыру қабілетін анықтайды.

Әрине, экономикалық қауіпсіздіктің қауіптерін болдырмау, оларға қарсы шығу және олардың жағымсыз әсерін жоққа шығару қабілеті де болуы тиіс. Қауіптер жалпы экономикаға ғана емес, сонымен бірге оның құрамдас бөліктері болып табылатын салаларға, өнеркәсіптік аудандарға, жекелеген кәсіпорындарға және т.б. бағытталуы мүмкін. Басқаша айтқанда, экономикалық қауіпсіздік ұлттық экономиканың тиімді динамикалық өсуіне, қоғамның, мемлекеттің сұраныстарын қанағаттандыруға, әр түрлі қауіптер мен залалдардан кепілдендіруші ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсеке қабілетін қамтамасыз ету қабілетіне жағымды ықпал ететін ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды қызметінің құрамына кіреді. Экономикалық қауіпсіздік мәселесі ешқашанда өзінен өзі әрекет етпеген. Ол қоғамның дамуының әрбір сатысындағы экономикалық өсу міндеттерінен шығатын туынды болып табылады. Осы мәселенің нақты мазмұны қазіргі уақытта қалыптасқан ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты өзгереді.

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекет қызметі келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

1) экономикалық дамудың іс-жүзіндегі немесе болжанатын параметрлері экономикалық қауіпсіздіктің шекті мәндерінен ауытқыған жағдайларды анықтау және елдің қауіпті аймақтан шығуы бойынша кешенді мемлекеттік шараларды әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздігі қауіптерін жою немесе туындауына жол бермеу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында жұмыстарды ұйымдастыру.

XX ғасырдың 90 жылдардың ортасынан бастап Қазақстан үшін ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын қалыптастыру аса маңызды болды. Бұл әсіресе Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында құрылымдық сипат алды: 1996 жылы – "Елдегі жағдай және 1997 жылғы ішкі және сыртқы саясат туралы", 1997 жылы – "Қазақстан – 2030". Барлық Қазақстандықтардың жағдайының гүлденуі, қауіпсіздігі және жақсаруы", 1999 жылы – "Жаңа ғасырдағы елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі".

Бұл Жолдауларда Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы басты бағыт алып тұр. Осы кезеңнен бастап ұлттық қауіпсіздік бұдан арғы елдің маңызды құжаттарында нөмірі бірінші басымдық ретінде көрсетіліп отырды. Тәуелсіздіктің барлық кезеңінде басты мәселенің бірі ретінде Президенттің Жолдауында айтылған аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру мәселесі қаралып отырды.

Соңғы он жыл ішіндегі мемлекеттік саясаттың бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін заңнамалық жағынан қамтамасыз ету, осы салада нормативті құқықтық база жасау болды.

1998 жылы "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Заңы қабылданды, онда алдыңғы жылдардағы ұлттық қауіпсіздік саласында, оның ішінде Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздігі саласында жинақталған тәжірибелер жүйеленді.

Заңда Қазақстан Республикасының тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуының басты шарты ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып саналатыны жайлы ереже нақты көрсетілген. Заң Қазақстанның ұлттық мүддесін анықтады, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қауіп пен ұстанымдарды көрсетті. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің, соттардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілеттігін белгіледі. Заңда алғаш рет сыртқы, әскери, экологиялық, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты бағыттары анықталды. Негізгі орында елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тұрғандығы жасырын емес.

Сондықтан кез келген мемлекет үшін өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қашан да өзекті болып, заман талаптарына сай күрделене түсіп, мемлекет және қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын жүйелі саясатқа айналды. Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы: ««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14.12.2012.

2. Мадиярова Д.М., Гринев И.А. Территориальные особенности инвестирования казахстанской экономики // Электронный научный журнал «Экономика. Государств. Общество». 2010ж.

3. Ұлттық экономикалық қауіпсіздік: Желдібай Р. / Жақсы ұлттық порталы, <http://www.jaqsy.kz> 2012 ж

4. Балғарина Н.Б."Қауіпсіздік тұжырымдамасы болашаққа қызмет етеді" Егемен Қазақстан, 2-маусым 2000ж.

5. Саяси қоғамдық газет «Қазақстан Заман»//Экономикалық қауіпсіздік, Алматы,2013ж